

12 Наурыз
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛДАҒЫ ТІРЕК МЕКТЕБІ БІЛІМНІҢ ЖАҢА БҒАЛҒЫ

ӨТКЕН АПТАДА Ж.ЖҮСІБАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ «БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР БҒАЛҒЫ» АТТЫ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ. БҰЛ ТІРЕК МЕКТЕП – «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ МЕН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ҚОРИНЫҢ «АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТІРЕК МЕКТЕБІНІҢ ӨЛЕУЕТІН АРТТЫРУ» ЖОБАСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫСЫ.



Тірек мектептің таныстырылымына білім беру саласын тұрақты дамыту қорының менеджері Талғат Қожағалиев, облыстық білім басқармасының бас маманы Гүлжан Құлыбекова, Ақтөбе қаласындағы «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ директоры Қайырбек Сәбитұлы, Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбедегі филиалының директоры Тұрсынбай Көпжасарова, Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Серік Меруеновтер қатысты. Таныстырылым кезінде сөз алған мектеп директоры Маржан Сәлімгерейқызы жобаның берген жаңа мүмкіндіктері мен жасақталған материалдық база жөнінде айтып өтті. «Барлық пән кабинеті заманауи жиназдармен жабдықталып, кітапхана, сонымен бірге инженерия, көркемөнер, аспаз шеберханалары, робототехника, информатика кабинеттері жаңарды. Сонымен қатар физика, химия, биология, география сияқты жаратылыстану кабинеттері мен гуманитарлық пәндер сыныптары қайта жасақталып, сабақ барысында заманауи технологияларға сай компьютерлік техникалар мен интерактивті панельдерді пайдаланып жатырмыз. Мұның бәрі баланың сабақтан қалмауына, оның білім алуға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді», – деді мектеп директоры. Сондай-ақ білім ордасындағы 24 оқу кабинеті, STEM-зертхана, арт-студия, телестудия, музыка және спорт залдары

сияқты қосымша білім беру орындары да жабдықталды. Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде қазір 627 оқушы білім алуда. Мектепте 62 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде 2 жоғары санатты, 1 бірінші санатты, 8 педагог зерттеуші, 18 педагог-сарапшы, 13 педагог-модератор бар. Қазірде Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта тірек мектебіне үш магнитті мектеп бекітілген. Олар - Ақшатау орта мектебі, Қаракөмер мектеп балабақшасы, Соркөл орта мектебі. Жоба аясында тірек мектебі мен магниттік мектептерде өзара сабақ беру моделі бойынша жауапты мұғалімдер құрамы бекітілді. Пилоттық жобаға қатысатын педагогтердің сабақты сапалы өткізуіне қажетті жағдай жасалып, оқу-әдістемелік қолдау көрсетіліп отыр. Еске салсақ, қала және ауыл арасындағы білім сапасының алшақтығын жоюға бағытталған жобаға АITAS холдингі және «Қазақстан халқына» қоры қолдау көрсетіп отыр. Жобаның мақсаты – үздік педагогикалық технологиялары мен заманауи материалдық-техникалық базасы бар жайлы мектеп құру. Ойылдағы тірек мектебінің таныстырылымы одан әрі жобаның алдағы жемісі туралы қонақтармен сыр-сұхбатпен өрбіді. Тірек мектебі – ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасының алшақтығын азайтудың алғашқы қадамдары. Заманауи әлемде сапалы білім маңызды рөл атқарады.

Білімді ұлт – біздің болашағымыз. Қазақстанда білім беру жүйесі күрделі экономикалық жағдайларда дамыды. Бүгінгі таңда бұл салада әлі де көптеген проблемалар бар. Әлі де қала мен ауылдағы білім сапасының алшақтығын көріп отырмыз. Сондықтан, «Жалпы ұлттық жобаның» мақсаты туралы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ директоры Қайырбек Сәбитұлы мен білім беру саласын тұрақты дамыту қорының менеджері Талғат Қожағалиевтер жан-жақты түсіндірді. Әрине, Қазақстан халқына қоры «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-мен бірлесіп «Powered by NIS ауыл мектебі» жобасын іске асыруда. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-мен бірге біз мектептерді НЗМ стандарттары бойынша жабдықтап, оқытушылар құрамына әдістемелік қолдау көрсетуді қамтамасыз етіп, осы бастама аясында педагогтарға арналған Назарбаев зияткерлік мектептері, «Білім беру бағдарламалары» орталығы, «Педагогикалық шеберлік» орталығы тренерлерінің көмегімен өткізілетін қарқынды оқыту бағдарламасы жалғасатынын айтқан облыстық білім басқармасының бас маманы Гүлжан Құлыбекова, «Алдағы уақытта облыстың білім беру саласында «Қазақстан халқына» қоры 9 қайырымдылық жобаны жүзеге асыруда. Қордың білім беру саласындағы жобаларға қолдау білдіруі сапалы білім алу үшін жағдай жасаудың, балалық шаққа салынған инвестициясы. Біздің ойымыз-

ша, тұрғылықты жеріне қарамастан, әр бала осында және қазір білім алу үшін тең мүмкіндіктерге ие болуы керек. Білім беруді тұрақты дамыту қоры мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-мен бірлесіп іске асырылып жатқан осы жоба соның айқын дәлелі», - деді. Ал, аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы болса, «Ауылдық аумақтарды дамыту мәселесін, сапалы білімсіз ауыл тұрғындарының өлеуетін ашу мүмкін емес. Адами капитал үшін білім негізгі нәрсе. Сапалы білім қала тұрғындарына да, ауыл тұрғындарына да қолжетімді болуы керек. Бүгінгі таңда білім беру жобалары жалғасын тауып жатыр. Аудандағы шағын жинақты мектептердің де оқушылары сапалы білім, заманға сай кабинеттерге ие болды. Сапалы білімге бір табан жақындай түсті. Алдағы уақытта да аудандағы білім ордаларын материалдық жабдықтау жұмыстары жалғаса береді» - деді. Адамға нағыз бақытты – тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні – өз ұрпағы. Бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі «Бала өміріндегі қоғам мен ата-ана рөлі-жайы бақылаушыдан белсенді қатысушыға дейін» тақырыбында интерактивтік сессиямен жалғасқан шара соңында қонақтар мектептің материалдық базасымен танысты.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

“ӘЛЕМНІҢ СЫЙЫ - ӘЙЕЛГЕ!”

ӨМІРДІҢ МӨНІ МЕН СӨНІ – ӘЙЕЛ. ОЛ – ТІРШІЛІКТІҢ ТАМЫРЫ, ШАҢЫРАҚТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ. СОНДЫҚТАН ӘЙЕЛ ЗАТЫНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ, АДАМЗАТ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ МЕН РӨЛІ ЕРЕКШЕ. БІР ҚОЛЫМЕН БЕСІКТІ, ЕКІНШІ ҚОЛЫМЕН ӨЛЕМДІ ТЕРБЕТКЕН АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ – КҮЛЛІ АДАМЗАТТЫҢ ПАРЫЗЫ.



Аудандық мәдениет үйінде 8 наурыз – халықаралық әйелдер күніне орай «Әлемнің сыйы әйелге» атты салтанатты мерекелік шара өтті. Шараны аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы ашып, аналарға, әйелдер қауымына алғыс айтып, көктемнің шұғылалы мерекесімен құттықтады. Сонымен қатар аналарға сый-сыяпаттар көрсетіліп, алдымен түрлі салада еңбектерімен көзге түсіп жүрген қыз-келіншектерге облыс әкімінің алғыс хатын табыстап, бір топ әйелдер қауымына өзінің алғыс хатын табыстады. «Қазақ аналары - Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі Ойыл ауданы филиалының төрайымы Зоя Дауылбаева, аудандық білім қызметкерлері

кәсіподақ ұйымының төрағасы Гүлмира Измағамбетова, жеке кәсіпкер Қымбат Хабиева облыс әкімі Асхат Шахаровтың Алғыс хатымен марапатталды. Ал, аудан әкімінің Алғыс хатымен аудан көлемінде мәдени шараларға белсенді қатысқаны үшін, мемлекеттік қызметтегі абыройлы еңбегі үшін, білім беру саласындағы абыройлы еңбегі үшін, халыққа қызмет көрсету саласындағы қажырлы еңбегі үшін, ауыл көшелерінің тазалығын сақтаудағы қажырлы еңбегі үшін бірқатар азаматшалар марапатталды. Салтанатты шара әрі қарай халықаралық әйелдер күніне арналған жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты.

ОЙЫЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЖҰЛДЕЛІ ОРЛАДЫ



4-7 наурыз аралығында «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына, «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабының 2 тармағына сәйкес жыл сайынғы арнайы ұйымдастырылатын мемлекеттік қызметшілердің облыстық жазғы спартакиада ойындары өтті. Өз ісін жетік білетін аталған мемлекеттік қызметшілер сайыс барысында қабілеттерін танытып, жақсы ойын өрнегін көрсете білді. Спартакиада қорытындысы бойынша ауданымыздан қатынасқан мемлекеттік қызметшілер арасынан облысымы-

зда ауданның намысын қорғап, нәтижелі жетістікке жеткен мемлекеттік қызметшілер бар. Білекті жігіттер қуштерін сынга салатын спорттың аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин жүлделі II орын иеленсе, 90 кг салмақ дәрежесінде гир көтеру спорты бойынша Ойыл ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік-құқықтық және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің басшысы Зейнур Берғалиев I орын иеленді. Ал, қазақ күресінен керемет айла-әдістерін көрсете білген 90 кг салмақ дәрежесінде кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Райымбек Әділханов III орын иеленіп, жеңіспен оралды.

САЙЛАУ 2024

№ 8 БІРМАНДАТТЫ САЙЛАУ ОКРУГІ
БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА
ҮМІТКЕР

КЕРЕЙ РАУШАН
МУСАБЕКҚЫЗЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ

Керей Раушан Мусабекқызы 1981 жылы 27 сәуірде Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1987-1998 жылдары №31-ші орыс мектебінде оқыған. 1999 жылы Қ.Жұбанов атындағы университетіне түсіп, 2003 жылы «Қазақстан тарихы» мамандығы бойынша жоғарғы білім алып шыққан.

Алғаш еңбек жолын 2001 жылы Ойыл ауданы Қаракөл негізгі мектебінде орыс тілі пәні мұғалімі болып бастаған. 2002 жылы Сапақкөл мектебіне ауысу тәртібімен тарих пәнінің мұғалімі болып келген. 2006 жылы осы білім ордасында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалған. 2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Әсем» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі болып жұмыс жасауда. Басшы ретінде тәжірибелі, талап қоя біледі. Ұжымында беделді. Ұжым мен балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен тығыз байланыста. Аудандық және облыстық әдістемелік бірлестіктерге жиі қатынасып, ұжымдастарымен бөлісе біледі.

Округтың мәдени-көпшілік шараларына белсене араласады. Бірнеше рет округтың, аудан әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталған.

Отбасылық жағдайы - тұрмыста. Жолдасы – Керей Абзал Мұхитұлы 1981 жылы 23 ақпанда дүниеге келген. Жеке кәсіпкер. 2 ұл, 1 қызы бар. Ұлы – Керей Абылайхан Абзалұлы 2008 жылы 20 желтоқсанда туған, мектеп жасында. Қызы – Мұхит Ақбөбек Абзалқызы 2003 жылы 16 шілдеде туған, студент, Ұлы - Керей Әділхан Абзалұлы 2018 жылы 7 желтоқсанда туған, мектепке дейінгі жаста.



САЙЛАУ 2024

№8 БІРМАНДАТТЫ САЙЛАУ ОКРУГІ
БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА
«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНАН
ҮМІТКЕР

САМАТҰЛЫ САЙРАНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ

Саматұлы Сайран 1993 жылы 23 наурызда Ойыл ауданы, Сарбие ауылында дүниеге келген.

2000 жылы Сапақкөл орта мектебінің табалдырығын аттап, 2009 жылы тәмамдаған.

2009 жылы Ойыл аграрлық колледжіне түсіп, 2012 жылы бітірген.

2018 жылы С.Бәйішев атындағы университетке оқуға түсіп, 2021 жылы жоғары оқу орнын мал дәрігері мамандығы бойынша аяқтаған.

2016 жылдан бастап Сарбие ауылдық округінде мал дәрігері болып жұмыс жасап келеді.

Қазіргі таңда отбасылы, 1 бала тәрбиелеп отыр.



САЙЛАУ 2024

№ 8 БІРМАНДАТТЫ САЙЛАУ ОКРУГІ
БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА
ҚАЗАҚТАННЫҢ «БАЙТАҚ»
ЖАСЫЛДАР ПАРТИЯСЫНАН
ҮМІТКЕР

СҰЛТАНОВ АСЫЛБАЙ
АЙСАҰЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ

Сұлтанов Асылбай Айсұлы 1991 жылы 21 қыркүйек Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қаракөл ауылында дүниеге келген. 1998 жылы Қаракөл негізгі мектебінде мектебіне қабылданып, 2007 жыл 9 сынып бітіріп колледжге құжаттар тапсырған.

2007-2010 жылы Ақтөбе техникалық колледжі және 2014-2016 жылдары Ақтөбе қаласындағы Қазақ гуманитарлық-заң университетінің колледжіне түсіп, заңгер мамандығы бойынша тәмамдаған.

2012-2013 жылдары Жамбыл облысы, Отар қаласындағы, 30312 әскери бөлімде әскер қатарында болған. 2013-2016 жылдары Ақтөбе қалалық, мамандандырылған күзет қызметі басқармасында жұмыс жасаған.

2017 жылдан бастап «Жиенбет-Назерке» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативін ашып, қазіргі таңда ауылшаруашылығын дамытуда. Өзінің қаражаты есебінен ауыл іргесіндегі зиратты қоршау жұмыстарын жүргізіп, түрлі іс-шараларға демеушілік танытуда.

Отбасылы. Жолдасы – Боханова Фариза Сәнтайқызы. 1994 жылы 04 шілдеде дүниеге келген. Жеке кәсіпкер. 4 қыз, 1 ұлы бар.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат. Сол себепті аудандық мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда, тұрғындардың өздерінің толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін шешуге және төмендегі шаралардың орындалуына атсалысуды мақсат тұтып отырмын.

1. Елді мекенді абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізіп, жасыл екпелер егілуіне;
2. Адамдардың денсаулығы біздің басты байлығымыз екенін ескере отырып халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға;
3. Ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайларын жақсарту мақсатында аз қамтылған отбасыларға жағдай жасауға;
4. Ауыл әйелдерінің қоғамдық өмірге белсенді араласуына ықпал етуге;
5. Ауыл тұрғындарының, әсіресе әйел азаматтардың шағын және орта бизнесті дамытуын қолдай отырып мемлекеттің жеңілдетілген пайызбен несие алып өз кәсіптерін бастауға атсалысамын.
6. Ауыл жастарын жұмыспен қамтылуына және жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне;

Құрметті сайлаушылар!

Осынау көкейімізде жүрген түйінді мәселелерімізді шешу үшін, ауданымыздың әлеуетті дамуы үшін және ұрпағымыздың жарқын болашағын қалыптастыру үшін сайлауға барамын! Адал, әрі парасатты қоғамға Сіздермен бірге жетеміз! Әділ және мықты мемлекетті бірге құрамыз!

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт науқаны кезіндегі жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленді

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Мен, №8 бірмандаттық сайлау округі бойынша босап қалған аудандық мәслихат депутаттының орнына «АМАНАТ» партиясы атынан өз кандидатурамды ұсынуға бел будым.

Депутат-халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат. Сол себепті, аудандық мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда, тұрғындардың толғандырып жүрген мәселелерін шешуге және төмендегі шаралардың орындалуына атсалысуды мақсат тұтып отырмын.

Үміткердің бағдарламасы:

- Ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайларын жақсарту мақсатында аз қамтылған отбасыларға жағдай жасауға;
- Жергілікті атқарушы биліктің көмегімен Сарбие ауылына халық тұтынатын көгілдір отынның келуіне ықпал етуге;
- Аудандық маңыздағы, оның ішінде Сарбие ауылына орталықтан қатынайтын жолдың және ауылшілік жолдардың жағдайын жақсартуға ықпал етуге;
- Ауылдағы шағын және орта бизнесті дамытуды қолдай отырып, мемлекеттің жеңілдетілген пайызбен несие алып өз кәсібін дамытуға, «Ауыл аманаты» жобасын кеңінен насихаттай отырып, халықтың табысын арттыруға;
- Елді мекенді абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізіп, жасыл екпелер етуге;
- Ауыл жастарын жұмыспен қамтуға және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге;
- Адамдардың денсаулығы біздің басты байлығымыз екенін ескере отырып, халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға;
- Аудандық мәслихат сессияларында ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрғысында сайлаушылар тарапынан түскен ұсыныстар негізінде мәселелер көтеріп, олардың тиісті деңгейде шешілуіне ықпал етуге атсалысамын.

Құрметті сайлаушылар!

Осынау көкейімізде жүрген түйінді мәселелерімізді шешу үшін, ауданымыздың әлеуетті дамуы үшін және ұрпағымыздың жарқын болашағын қалыптастыру үшін сайлауға барамын!

Адал, әрі парасатты қоғамға Сіздермен бірге жетеміз. Әділ және қуатты мемлекетті бірге құрамыз!

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт науқаны кезіндегі жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленді

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Мен Ойыл ауданының Сарбие ауылдық округінде туып-өстім. 2017 жылдан бері осы ауылымызды тұрғыны ретінде ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында өз кәсібімді бастап, еңбек ете жүріп тұрғындардың көкейіндегі мәселерге қанықпын. Сол себепті мен де аудандық мәслихаттың депутаты болуға бел будым.

Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін.

Үміткердің бағдарламасы:

1. Ауылымыздағы шағын және орта бизнесті дамытуды қолдай отырып, ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін цехтар ашып, ауыл шаруашылық техникаларын жаңартуға;
2. Елді мекендердегі жайылымдық жерлердің мәселелерін шешуге;
3. Елді мекендердің жол қатынас жүйелерін тұрақты үздіксіз жұмыс істеуіне көңіл бөлуге;
4. Ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайларын жақсартуға ат салысамын.
5. Ауыл жастарын «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жұмыстануына ықпал ету.

Құрметті жерлестер!

Мен сайлауға қатыса отырып, алдыға қойған мақсаттарымды орындауға және ауылымыздың тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға жұмыс жасаймын.

Біз бірігіп, елімізді, ауылымызды көркейтетінімізге сенімдімін. Біздің басты мақсатымыз - мықты мемлекет құру.

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт науқаны кезіндегі жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленді

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛҒАН ЕМЕС!

БІЗДІҢ АУДАНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ АЙТАРЛЫҚТАЙ JAҚCAPЫП КЕЛЕ АТҚАНЫ СӨЗCІЗ. ӨЛБЕТТЕ, ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ ӨРТҮРЛІ, БІРЕУЛЕРІ ТУА БІТТІ КЕМТАР АТАНСА, ЕНДІ БІРЕУЛЕРІ ТАҒДЫРДЫҢ ТӨЛКЕГІН БАСТАН КЕШІРІП ОТЫР. АЛАҚАННЫҢ ЫCТЫҒЫН, ЖҮРЕКТІҢ ЖЫЛУЫН КҮТЕТІН, ТІПТІ АҢСАЙТЫН ШАРАСЫЗ, ДӨР-МЕНCІЗ, ПАНАСЫЗ, ҚОРҒАНCЫЗДАР ДА БАР. ҚОЛДАН КЕЛГЕНШЕ СОЛАРДЫҢ ЕҢ БОЛМАСА БІРЕУІНЕ ҚОЛ ҰШЫН СОЗCАҚ, ЖҮРЕГІНЕ ҮМІТ ОТЫН ЖАҒА БІЛCЕК...



Қазан айының екінші жексенбісі мүмкіндігі шектеулі жандар күні назардан тыс қалмайтын азаматтар, қалған уақытта да елеусіз қалмайды. Оның дәлелі жуырда аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудандық мүгедектер қоғамының төрағасы Тыныштыбай Шалабаев жеті асудың бел ортасы 75 жасқа толған Жұмағали Нұрмағамбетовты құттықтап барды. Алдымен аудан басшысы хал-жағдайын білісіп, құттықтауын жеткізді. Сый-сияпатын табыс етті. Жұмағали Нұрмағамбетов - Ақшатау елді мекенінің тұрғыны. Туғаннан тілі жоқ, құлағы да естімейді, бірінші топтағы мүгедек. Оған қоса «Көтере алмасаң, қосып

арқала» демекші екі жылдан бері көзі мүлдем көрмей қалса, енді аяқ-қолы ауырып, жүріп-тұрудан қалған. Жүмекеңнің қатар құрбылары мен ауылдастарының айтуларына қарағанда, жас кезінде ірі денелі, келбетті, қайратты, еңбекке деген құлшынысы өте жоғары болған. Кеңес өкіметі кезінде совхоздың қандай шаруасына болса да, белсене қатынасып, жоғары еңбек көрсеткішіне жетіп отырғаны туралы мақтау қағаздары мен Алғыс хаттары куә болатындай. Сол мезгілдегі жазғы, күзгі қой қырку жұмысына белсене қатынасып, Ақтөбе облысы бойынша өткізілген қой қыркудан өткізілген жарыста жүлделі екінші орынға

ие болған. Ол өте кішіпейіл, адамдарға деген қолқабысы мол қара күштің иесі дегендей еді. «Ауданда бүгінгі күні 443 мүгедектігі бар адамдар есепте тұр, олардың 46- бірінші топта, екінші топта - 94 адам. Ал, үшінші топта - 90 адам. Шындығында ешкім қиын тағдырға кезігемін деп тілемейді. Алайда, ешкім өз тағдырынан қашып құтыла алмайды. Мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсету мақсатында Ойыл мүгедектерді қолдау орталығында Оңтүстік Кореядан шыққан Нуга- Бест массаж керуеті, Ресейде шығарылған төрт жағдайда аяқ ұқалайтын аппараты аудандағы барлық мүмкіндігі шектеулі жандарға тегін қызмет көрсетеді. Аудан бойынша мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамнан тыс қалмауы қатаң ескеріліп, бұл бағытта нақты шаралар белгіленіп, оның жүзеге асырылып келе жатқандығы. Жалпы адам баласы қаншалықты бір біріне мейірбан, қамқор болса, олда қоғамның ізгіліне түсуіне қосқан үлесі, азаматтық борышын орындау бағытындағы игі қадамы деп ескеруге болады - дейді аудандық мүгедектер қоғамының төрағасы Тыныштыбай Шалабаев. Осындай адал шынайы еңбектің елеусіз қалмайтынын ескерген Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев 75-ке толып отырған Жұмағали ақсақалдың жанұясына емен-жарқын әңгімелесіп, шынайы ризашылығын білдірді.

АҚ ДАСТАРХАН БАСЫНДАҒЫ ҚҰРМЕТ



ТІРШІЛІКТІҢ ТЫНЫCЫН-ДА ТАҒЫ ДА БІР ЖЫЛДЫҢ КҮЛІМДЕП, ТАҢ АРАЙЫН АТҚЫЗҒАН НАУРЫЗ АЙЫ ДА КЕЛІП ЖЕТТІ. Көктеммен бірге келетін жылулықтың, әдеміліктің, сұлулықтың символдары бола білген ақ жаулықты аналарымыз бен аяулы аруларымыздың халықаралық мерекесі келеді. Жылына бір келетін осындай көңілімізге қуаныш ұялатар мереке қарсаңында Ойыл селосындағы «Шұғыла» мәдениет және демалыс ор-

талығында тыл ардагерлері мен көп балалы аналарға арналған мерекелік шара өтті. Салтанатты сәтте аудан әкімі Асқар Қазыбаев ардақты аналарымызды мерекесімен құттықтап сый-сияпат көрсетті. Аналарымызды құттықтау барысында «Елдің болашағы үшін жастайынан еңселі еңбек етіп, ұрпақ тәрбиесіне елеулі үлес қосқан алтын құрсақты аналарымыз қашанда құрметке марапатқа лайық. Қарттарымыз қазынамыз. Біз әрдайым сіздердің еткен ең-

бектеріңіз бен ел үшін жасаған қызметтеріңізді жадымыздан шығармаймыз. Сіздердің өмір жолдарыңызды әрдайым бүгінгі буынға өнеге етіп келеміз. Ана — тіршіліктің нәрі, ана - өміріміздің мәні, Бүкіл әлем қасиетіне бас иетін аналарға құрмет ешқашан артық емес» - деп жылы лебізін білдірді аудан әкімі. Дастархан басында жалғасқан мерекелік шарада ән салып, ақ тілектерін жаудырған жаулықты аналарымыз елде жасалып жатқан онды істерге ризашылығын білдірді.

ЕЛ ЕРТЕНІ – БІЛІМДІ ЖАСТАР

2024 жылдың басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Егемен Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында «Мемлекеттік қызметшілер өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқаратын кәсіби маман ғана болмауы керек. Олар әрдайым бастамашыл, нақты ісімен елге пайда әкелетін және өзгерістердің өміршеңдігін халыққа көрсете алатын азамат болуы қажет. Сондай-ақ олар білімді-білікті ғана емес, сөзі мен ісі үйленсетін, тиянақты, теріпті және арлы адам болуы шарт» - деп айтып өтті. Бұл қағида барлық мемлекеттік қызметшінің басты ұстанымы деп есептеймін. Себебі мемлекеттік қызметші дегеніміз - мемлекеттің идеясы мен саясатын алға жылжытушы тұлға. Біз күнделікті өмірімізде «Мемлекеттік қызмет - абыройлы міндет» деген сөздерді жие естіп жүрміз. Ал осы сөздердің мағынасын терең түсініп жүрміз бе деген сұрақ та бар. Жалпы жақсы маман болу үшін әр маманның бойында терең білім, әдептілік, төзім, үлкен жауапкершілік сияқты қасиеттер болуы керек. Қазір жастар арасында отбасы дәстүрінен айнымау үшін ата-бабасынан үзілмей келе жатқан саланы таңдау көрініс тауып жатады. Ал біреулер жүрегі қалаған мамандықты таңдап, сол мамандық бойынша қызметінде іскерлік қабілетін танытып жүр. Жалпы, мамандығын жақсы көретін жан «тар жол, тайғақ кешу» еш берілмейді және жұмысына асқан жауапкершілікпен қарайды. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі

шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек», яғни мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі олардың жұртшылық алдындағы мемлекеттік басқару органдарының имиджін анықтайтын мінсіз мінез-құлықтарымен қатар жүруі керек. Мемлекеттік органдардың нақты нәтижеге қол жеткізетін тиімді жұмысы, мемлекеттік аппараттың ашықтығы елдің дамуына зор әсер етеді. Мемлекеттік қызметшілердің басқа салада қызмет ететін адамдардан ешқандай айырмашылығы жоқ, керісінше жауапкершілігі үлкен, сол себепті де мемлекеттік қызметшілердің жұмысын оңай деп айтуға болмайды, кей кездері уақытқа бағынбайды деуіміздің де себептері болып жатады. Иә, кейбір жағдайда халықтың мемлекеттік органдардың қызметіне көңілі толмай жатады. Осы олқылықтарды жою, оны болдырмау – біздің атқарар қызметіміздің басты бағдары. Мемлекетті өркендету, дамыту бағытындағы ең жауапты істе мемлекетік қызметшілердің қосар үлесі зор. Тәуелсіздік алған кезден бастап Қазақстанда тиімді мемлекеттік аппарат құруға, кадр саясаты мәселесіне баса көңіл бөлініп келе жатыр. Қажетті институттар мен уәкілетті органдар құрылып, заңдар мен сол заңдарға сәйкес іске асырылатын нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Агенттікке берген Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметке кірудегі артық кердергілерді жою және мемлекеттік қызметтен шығу тәртібін жеңілдету туралы тапсырмасына сәйкес жаңа тәсілдер

әзірленіп, бүгінгі күні мемлекеттік қызмет туралы заңға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы енгізілген өзгерістердің басым бөлігі жастарға беріліп жатқан мүмкіндіктер екендігін атап кеткен жөн. Себебі жастар қашанда белсенді буын өкілдері екендігін ұмытпауымыз керек. Мемлекеттік қызмет саласында енгізілген өзгерістердің бірі – мемлекеттік тапсырыс негізінде жоғары оқу орнындағы аяқтаған түлектерді оқуды аяқтағаннан кейін 1 жыл ішінде мемлекеттік қызметтің аудандық және ауылдық деңгейдегі «Б» корпусының төменгі лауазымдарына конкурссыз тікелей тағайындау. Бұл – тиісті оқу нәтижесін 3,33 GPA-дан жоғары, яғни дәстүрлі жүйе бойынша «жақсы» деген көрсеткішпен, немесе баллдық жүйе бойынша 85-89 деңгейінде аяқтаған түлектерге берілген мүмкіндік. Осы енгізілген жаңашылдықтар нәтижесінде қазіргі таңда Республика бойынша 100-ден астам түлек, оның ішінде Ақтөбе облысы бойынша 10 түлек аудандық және ауылдық деңгейдегі төменгі, басшылық емес лауазымдарға конкурссыз қабылданды. Атап айтқанда, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің түлектері мемлекеттік

әкімшілік лауазымдарға конкурссыз қабылданды. Бүгінгі күні конкурссыз мемлекеттік қызметке қабылданған 4 жас маман (Идрисова А.А., Қалдығали Д.Е., Тлектес А.Н., Шаратдинова А.С.) орталық мемлекеттік органдардың Мұғалжар, Мәрте, Темір және Хромтау аудандарындағы аумақтық бөлімшелердің басшылық емес лауазымдарында, 1 маман (Құрмантаева А.А.) Алға аудандық мәслихат аппаратында, ал 5 маман (Мұрат Н.Т., Қалданова Н.Б., Рахметова Н.Т., Фанилова Н.Ф., Қалағанов Қ.А.) Алға, Әйтеке би, Хромтау, Шалқар, Темір аудандарында жергілікті мемлекеттік органдарда қызмет атқаруда. Жалпы, бүгінгі күні облыс бойынша мемлекеттік қызметшілердің 34,8%-ы 35 жасқа дейінгі жастар. Олардың саны ғана емес, сапасы да өсіп жатыр. Яғни, білімді, алғыр, бәсекеге қабілетті жастардың қатары күннен-күнге артууда. Айта кету керек, облысымыздың мемлекеттік органдарында еңбек етіп жүрген қызметшілердің 28-і Мемлекеттік басқару академиясының түлегі болса, 5 маман «Болашақ» бағдарламасын аяқтаған. Бұл да өңірдің осы саладағы жетістігі. Әрине, мемлекеттік қызметші болу – бұл үлкен абырой мен міндет. Болашақта ел тізгінін ұстайтын азаматтар – бүгінгі жастар, олар білік пен халық арасында байланыстырушы буын болып табылады. Осы жерде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Жастарымыз үш нәрсенің айрықша маңызы екенін түсінуі керек. Бұл – терең білім, еңбекқорлық

және отаншылдық қасиет. Шын мәнінде, ең бастысы – адал еңбек. Біз мұны жете түсінетін ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз» - деп айтқан сөздерін келтіре отырып, бүгінгі жастар мен тәжірибелі мемлекеттік қызметшілер, яғни мемлекеттік қызмет ардагерлерімен ұрпақтар сабақтастығын нығайту, тәжірибе алмасу мақсатында құрылған Тәлімгерлер кеңесінің жұмысы туралы айта кетуге болады. Кеңестің мақсаты – жаңадан тағайындалған мемлекеттік орган басшыларының кәсіби бейімделуіне көмек бөлісу, тәжірибелерін беру. Тәлімгерлер кеңесінің құрамы С.Т.Шанғұтов, С.К.Ботагарин, М.Н.Жекеев, А.А.Мырзалин, С.М.Қалдығұлова, С.Еңсенұлы сынды кезінде көп жылдар мемлекеттік қызметте басшылық лауазымдарда болған абыройлы, жастарға айтары бар мемлекеттік қызметтің беделді ардагерлерінен жасақталды. Осылайша ұрпақтар сабақтастығы дей отыра, ардагерлер – кез келген қоғамның алтын қазынасы екендігін ұмытпайық. Ал аға буынның жастарға берген ақыл-кеңестері осы күрделі әлемде өздерінің лайықты орнын анықтауға, мүмкіндігінше өзін-өзі тануға көмектесу болып табылады. Ол үшін әртүрлі форматтарда кездесулер ұйымдастырылып отырады, соның бірі өткен жылы, Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Тәлімгерлер кеңесінің отырысы барысында жоғарыда айтып кеткен – конкурссыз қабылданған жас мемлекеттік қызметшілердің ант қабылдау рәсімі. Аталмыш шараға қатысқан жастардың

«Ауылда жұмыс жоқ деп айтуға болмайды, ниеттенген адамға міндетті түрде жұмыс табылады. Қазақ ауылын біз ойламасақ, кім ойлайды» дей келе қазақтың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың «Үш бақытым», «Отан туралы» өлеңдерімен Отанға деген сүйіспеншіліктерін танытуы, көптің жүрегіне ой салғандай. Жастар өздерінің қорытынды сөздерін «Біз – Жас мемлекеттік қызметшілер, білімді, жігерлі жастарды біздің алтын бесігіміз – ауылдық жерге жұмысқа шақырамыз!» деген ұранмен аятады. Бұл рухы биік жастарға ой салып, бейжай қалдырмасы анық. Жастар – қай заманда, қай елде болсын асқақ арман мен үміт, биік ар мен ер намыстың символы. Еліміздің жас буын өкілдері ауылды өркендету ісіне аса назар аудару қажет. Олай болса ауылдың өмірін жақсарты отырып, елдің өркендеуіне өз үлесін қосу, халқына қалтқысыз қызмет ету әр азаматтың міндеті. Дана халқымызда «Білігі мықты елдің – тірлігі құтты болады» деген сөз бар. Осылайша қашан да жүгі ауыр билік міндетінің ауқымды және мақсатының биік болары барлық мемлекеттік қызметшілердің әрқашан жадында болуы керек. Мемлекеттік қызметшінің басты міндеті туған Отаны мен халқына адал қызмет етумен бағаланады. Ал жас буын өкілдері мемлекеттің жаңа келбетін қалыптастырады деген үміт пен сенім үлкен.

Р.ШӨМЕКЕЕВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл
Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1409 дана. Тапсырыс 329 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

САЙЛАУ 2024

№11 БІРМАНДАТТЫ САЙЛАУ
ОКРУГІ БОЙЫНША
ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР
АБИТОВА ГҮЛМИРА
АЙНАҒҰЛҚЫЗЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ

Абитова Гүлмира Айнағұлқызы Ойыл ауданы, Ақжар ауылында 03.11.1992 жылы қарапайым отбасында дүниеге келген.

1999 жылы Саға мектеп-бала бақшасына 1 сыныпқа қабылданып, 2008 жылы осы мектептің 9 сыныбын бітірген.

2008-2011 жылдары Ақтөбе гуманитарлық – техникалық әмбабап мультипрофильді колледжінде оқып, «Құқықтану» мамандығын алып шыққан. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ойыл ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қайыңды ауылдық округі бойынша ассистенті болып жұмыс жасады. Қазіргі таңда Ақжар ауылдық кітапханасында бағдарламашы болып қызмет атқарады. Отбасылы. 1 ұл, 1 қызы бар.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Ақжар ауылының сайлаушылары!

Егер Сіздердің қолдауларыңызға ие болып, депутат болып сайлансам, төмендегі жұмыстарды атқаруға атсалысамын:

1. Азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын уақытылы, тиімді қарап, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдануына ат салысу;
2. Табысы аз адамдарды анықтап, жоғарғы тұрған органдарға еңбекпен қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде бағыт бағдар беру.
3. Еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді, оларға қайырымдылық көмек көрсетуді ұйымдастыру;
4. Қайыңды ауылдық округін толықтай абаттандыру, жарықтандыру, жасыл желектендіру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстардың тұрақты жүргізілуіне назар аудару;

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт науқаны кезіндегі жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленді

САЙЛАУ 2024

№11 БІРМАНДАТТЫ САЙЛАУ
ОКРУГІ БОЙЫНША
ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР
ДӘРІБАЕВ ОРЫМБАСАР
АСҚАРҰЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ

Дәрібаев Орымбасар Асқарұлы 1989 жылы 13-тамызда Ойылауданы Көсембай ауылында дүниеге келген. 2006 жылы Көсембай орта мектебін аяқтаған. 2012 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының математика пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша бітірген. 2012 жылдан бастап Көсембай негізгі мектебінде информатика пәнінің мұғалімі болып қызмет атқаруда.

Сонымен қатар ауылдың белсенді және ерікті жастар ұйымында мүше болып, ауылдың тазалығы, қайырымдылық шаралар, спорттық шара және мәдени іс-шаралар ұйымдастырып келеді.

Отбасылы. Жолдасы Сафина Акмарал Нурсултановна. 16.07.1988 жылы туған. Ақтөбе қаласындағы Смарт мектебінде физика пәнінің мұғалімі.

Ұлы - Асқар Ақыл оқушы.

Ұлы - Асқар Ұлықбек оқушы.

Ұлы - Асқар Сырым бала бақшада.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Ақжар ауылының сайлаушылары!

Бүгінде Қазақстандықтар, әсіресе жастар «Ауыл» сөзін келешексіз, қалыпты өмір сүруге мүмкіндігі жоқ жермен байланыстырады. Орасан жер қоры, егіншілік пен мал шаруашылығының бай тарихы болғанына қарамастан, Қазақстан әлі де импортқа, ал халық азық-түлік бағасының өсуіне тәуелді. Ал әлемде азық-түлік дағдарысы күшейіп келеді. Бұл Қазақстанның өз халқын жоғары сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай, ауыл шаруашылығы өнімдерін халықаралық нарықтарға экспорттаушы жетекші ел болуына да зор мүмкіндіктер ашады!

1. Әлеуметтік салалар білім, денсаулық, мәдениет, спорт мекемелерін дамытуға атсалысамын;
2. Аз қамтылған және әлеуметтік осал топ өкілдерінің әлеуметтік жағдайларын жақсартуға, оларға қолайлы жағдай жасау мүмкіндіктерін қарастыру;
3. Ауыл жастарын жұмыспен қамтуға, «Ауыл аманаты» бағдарламасының аясында кәсіпкерлікке баулуға атсалысамын;
4. Қайыңды ауылдық округін жарықтандыру бойынша жасалатын жұмыстарды бақылауға аламын;
5. Ауыл ішілік көшелердің жөнделу жұмыстарын бақылауға аламын.

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт науқаны кезіндегі жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленді

САЙЛАУ 2024

№11 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ
ОКРУГІ БОЙЫНША ОЙЫЛ
АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
«АУЫЛ» ХДПП-Ы АТЫНАН ҮМІТКЕР
ОРАЛОВ АЙБОЛАТ
ЖӘУМІТҰЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ

Оралов Айболат Жәумітұлы 27.04.1973 жылы Ойыл ауданы, Ақжар ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. 1989-1991 жылдары Ойыл селосындағы №22 кәсіптік-техникалық училищесінде механизаторлық білім алған. 1993-2000 жылдар аралығында Ақжар ауылында механизатор, шопан болып еңбек еткен. 2000-2022 жылдары «Өлім» шаруа қожалығында механизатор болып жұмыс жасаған.

2023 жылдың сәуір айынан осы кезге дейін Ойыл аудандық ветеринариялық стансасында ветсанитар болып жұмыс жасайды.

Отбасылы. Әйелі Бошанова Жайнагүл Алимовна. 1976 жылы дүниеге келген, Саға МББ жанындағы балабақшада жұмыс жасайды. 4 - бала тәрбиелеп отыр.

Қызы - Жәумітова Айгүл Айболатқызы 01.04.1996 жылы туған. Тұрмыста. Ақтөбе қаласында тұрады.

Қызы - Жәуміт Айым Айболатқызы 28.08.1997 жылы туған. Тұрмыста. Ырғыз ауданында тұрады. Үй шаруасында.

Ұлы - Жәумітов Айзат Айболатұлы 13.04.1999 ж.т. Ақтөбе қаласында хром қосындылары заводында жұмысшы.

Ұлы - Айболатұлы Бекзат 20.04.2010 жылы туған. Оқушы.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Ақжар ауылының сайлаушылары!

Мен Ойыл ауданының Ақжар ауылында туып-өстім. Туған өлкемнің тарихын да, халқымыздың басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді де жақсы білемін. Жұмысқа араласқаннан бері осы ауылымызды дамыту жолындағы сан алуан жұмыстарға, әсіресе, халықты толғандырып жүрген мәселелер саласын дамытуға белсене араласып келемін.

Биыл аудандық мәслихаттың депутаты болуға бел будым.

Ауылымызды жан-жақты дамытудың барлық мәселелері аудандық мәслихат депутаттары арқылы шешіліп келеді. Ойыл ауданында да шешімін күткен мәселелер жетіп-артылады. Өлкеміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені, депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқаалаған азамат.

Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін.

Үміткер бағдарламасы:

1. Ауыл халқын сапалы және тұрақты әлеуметтік қамтамасыз етуге, ауыл инфрақұрылымына бөлінетін бюджеттік қаржыландыру мәселелерін бақылауға алып тиімді жұмсалыуына атсалысамын;
2. Ауылдық округ бойынша ветеринариялық шаралардың тиісті деңгейде ұйымдастырылуын бақылаймын;
3. Ақжар ауылының көшелерін жарықтандыру жұмыстарын бақылауға аламын;
4. Саға мектеп-балабақшасының күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне ықпал етемін;
5. Қайыңды дәрігерлік амбулаториясына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бастамашылық жасаймын;
6. Ақжар ауылының көшелерін қатты жамылғы (асфальт) төсеу жұмыстарын жалғастыруға атсалысамын;
7. Ауыл тұрғындарын «Ауыл аманаты» бағдарламасына көптеп қатысуына ықпал етемін;
8. Ауылдық округтің газдандырылуына ықпал етемін;
9. Ауыл тұрғындарының әл-ауқатының көтерілуіне үлесімді қосатын боламын.

Құрметті жерлестер!

Мен сайлауға қатыса отырып, алдыға қойған мақсаттарымды орындауға және ауылымыздың тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға жұмыс жасаймын. Біз бірігіп, елімізді, ауылымызды көркейтетінімізге сенімдімін. Біздің басты мақсатымыз - мықты мемлекет құру.

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт науқаны кезіндегі жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленді